

# «Халық прокуроры» жобасы іске асырылуда



**Ағымдағы жылы Қостанай облысының прокуратурасы «Халық прокуроры» жобасын іске асыруды бастады.**

Жобаның мәні – тікелей халықпен кездесу, заңнамалық жаңалықтарды түсіндіру, қоғамды толғандыратын проблемаларды анықтау және шешу.

Жобаның мақсаты – прокурорлардың жұмысына көзқарасын клиентке бағдарлауға өзгерту жолымен

адамдардың қажеттіліктеріне бағдарлаумен халықтың сенім деңгейін көтеру.

Мамыр айы бойы 50 прокурор білім беру мекемелерінің 6 мың жұмыскерлерімен 200-ден астам кездесу өткізді.

Кездесулер барысында тұрғындар 23 проблемамен бөлісті, олардың 9 шешімін тапты, 14 іске асыру сатысында.

Мысалға, кездесулердің бірінде мүгедектерге салықтарды есептеу заңдылығы туралы сұрақ көтерілді.

Проблемамен жұмыс қорытындылары бойынша заңсыз

16 млн. теңгеден астам сомаға салықтар есептелген 2 мыңнан астам мүгедектер анықталды. Қадағалау актісі бойынша есептелген сомалар жойылды.

29 маусымда Қостанай облысының прокуроры М.Ж. Қайбжанов білім беру мекемелерінің өкілдерімен есеп беру кездесуін өткізіп, онда жүргізілген кездесулердің қорытындыларын жеткізді.

Есеп беру кездесуіне білім беру органдарының 300-ден астам жұмыскерлері қатысты, соның ішінде бейнеконференц-байланыс

режимінде облыстың барлық қалалары мен аудандарының педагогтары қатысты.

«Халық прокуроры» жобасын іске асыру жалғасуда, қазіргі уақытта денсаулық сақтау ұйымдарында кездесулер өткізілуде, кезең-кезеңмен кездесулермен облыстың барлық тұрғындарын қамту жоспарлануда.

Басты міндет халықтың сезімтал проблемаларын анықтау және шешу болып табылады.

**Қостанай облысының прокуратурасы**

## «Прокуратура туралы» жаңа Заң күшіне енді

**Міне, осы жақында ғана еліміз бойынша «Прокуратура туралы» жаңа Заң күшіне енді. Қостанай облысының прокуроры, 3-ші сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Марат ҚАЙБЖАНОВПЕН сұхбат осы жаңа Заңға арналады.**

**- Марат Жолмағамбетұлы, жаңа Заңды қабылдау қажеттілігі неліктен туындағанын айтып беріңізші?**

- 2017 жылдың 10-шы наурызында «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойған сәттен бастап прокуратура органдарының құзіреттілігіне қатысты талқылаулар тоқтаған емес.

Біздің ойымызша, республикамыздың тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңінде, басқа мемлекеттік органдар орындауға тиісті көптеген функциялар прокуратураға жүктелген.

Прокуратура өз бастамасымен кейбір құзреттіліктерден бас тартқандықтан, жаңа «Прокуратура туралы» Заң қабылдау қажеттілігі туындады.

Бұның барлығы халық үшін маңызды мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлу үшін жасалды.

Бас Прокурор, прокуратура туралы заңнамаға жаңа өзгерістер енгізу қажеттілігін Парламент алдында өзі баяндады.

**- Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне жоғарғы қадағалау қалай жүзеге асырылатын болады?**

- Мемлекеттік емес меншік формасындағы мекемелерді қадағалауды тек қана Мемлекет Басшысының және Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша жүзеге асырамыз.

Облыс прокуроры, қала және аудан прокурорлары келесі жағдайларда мемлекеттік органдар қызметіне тексеріс тағайындап, өткізуге құқылы.

Бірінші: егер адам өзін өзі қорғай алмаса. Ол жетім балалар, мүгедек балалар, 1, 2 топтағы мүгедектер, әрекетке қабілетсіз адамдар;

Екінші: шектелмеген топ адамдардың құқықтары бұзылғанда. Ол құқықтары бұзылған адамдарды алдын-ала есептеу және жеке анықтау мүмкін емес немесе қиын болған жағдайлар. Мысалы, АӨК-де субсидиялау заңдылығы, монополистердің тарифтері немесе үлескерлер;

Үшінші: адамның өмірі мен денсаулығына немесе мемлекет

қауіпсіздігіне түзетілмес зиян келтірілуі қаупі бар болса.

Мысалы, облыстағы су тасқынына байланысты жағдай, қоршаған ортаны заңсыз ластау және т.с.с.

**- Прокуратура бұрынғыдай азаматтардың өтініштерін қарайтын болады ма?**

- Азаматтарды қабылдау тәртібі түбегейлі өзгерді. Енді прокурор қарастыратын арыздардың үш түрі белгіленді. Өздерін өздері қорғай алмайтын арызданушылар; шектелмеген топ адамдардың құқықтары; және адамның өмірі мен денсаулығына немесе мемлекет қауіпсіздігіне түзетілмес зиян келтірілудің алдын алу үшін қажет болған жағдайда.

Сонымен қатар, Мемлекет Басшысы мен Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша, кез келген арыздар қарастырылады.

Бұрын прокуратура барлық өтініштерді қабылдап, оларды қарастырды. Азаматтар мен заңды тұлғалар кез келген сұрақ бойынша прокуратураға «бір терезе» ретінде арыз беруге үйреніп қалған. Ол көптеген тексерістерді және мемлекеттік органдар мен арызданушылармен көп хат алмасуды туындатты. Прокуратураға жүктеме тым көп болды да, ең маңызды мәселелерді шешу үшін ресурстар жетіспеді.

Енді арыздарды өкілеттілігі бойынша мемлекеттік органдар қарастыратын болады. Олардың шешімдерімен келіспеген жағдайда азамат сотқа немесе жоғары тұрған лауазымды тұлғаға жүгінуге құқылы.

Айта кетерлік жағдай, мемлекеттік органдар арыздарды қабылдап, қарастырудың сапалылығын қамтамасыз етуге тиісті. Бұл мәселеде біз көмек көрсетуге, оқыту іс-шараларына қатысуға дайынбыз.

**- Жаңа Заңның қабылдануымен жоғарғы қадағалау қалыбы өзгерді ме?**

- Жаңа қадағалауды үш қалыппен жүзеге асыратын боламыз – тексерістер, талдау және құқықтық актілерді бағалау.

Тексерістер бойынша жоғарыда айтып кеттім. Талдау процесі дегеніміз статистиканы, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың мәліметтерін, бұқаралық ақпарат құралдарының, өкімшілік, азаматтық және қылмыстық істердің материалдарын және басқа да ақпарат көздерін зерттеу.

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы технологияларды меңгеріп енгізудеміз – құқық қорғау, арнайы мемлекеттік және басқа да органдардың ақпарат алмасу жүйелерімен интеграцияланған әртүрлі ақпараттық жүйелер мен ресурстар. Оның барлығы сәйкес

заңнамалық актілермен және Бас Прокурордың актілерімен реттеледі.

Талдау нәтижелері бойынша прокурорлық қадағалау немесе ықпал ету актілері енгізіледі.

Жаңа заңда прокурор актілерінің жүйесі түзетілген.

Біріншіден, олар азайды, егер бұрын 11 болса, қазір 9 ғана (ескерту мен ұйғарым алып тасталынды).

Екіншіден, актілер екі топқа бөлінді – қадағалау актілері және ықпал ету актілері.

Олардың айырмашылығы неде? Қадағалау актілері – ұсыныс, наразылық, санкция, нұсқау және қаулы.

Ықпал ету актілері – ол өтінішхат, арыз, өтініш, заңды түсіндіру.

Олардың айырмашылығы, қадағалау актілерінің орындалуы міндетті, ал ықпал ету актілері ұсыныс сипатына ие.

Заңды түсіндірудің мазмұны елеулі түрде өзгертілді. Бұрын біз бұл актіні мемлекеттік органдарға заңның кейбір нормаларын қалай қолдану керектігін түсіндіру үшін енгізетінбіз. Қазір болса, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатымен, сонымен қатар, дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәлімет болған жағдайда.

**- Сотта мемлекет мүддесін білдіруге қатысты өзгерістер бар ма?**

- Бұрын прокурорлар азаматтық процесте көптеген істер бойынша қатысатын: еңбекақыны өндіріп алу, шығынды және денсаулыққа келтірілген зиянды өндірту, үйден шығару, бала асырап алу, күштеп емдеуге жіберу, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, із-түссіз жоғалған деп тану туралы және т.б., яғни мемлекет мүддесіне қатысы жоқ барлық жеке даулар бойынша.

Жаңа Заң қабылданысымен жаппай қатысудан бас тартамыз. Енді – тек қана мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау үшін және егер тұлға өзін өзі қорғай алмайтын болса.

Ондай істер санаттары жаңа Азаматтық-процестік кодексте және Бас Прокурордың бұйрығында анықталатын болады.

Өкімшілік өндірісте кассациялық қайта қарау тәртібі де түбегейлі өзгерді. Бұрын Жоғарғы Сот өкімшілік істерді тек қана Бас Прокурордың наразылығы бойынша қарастырды. Енді адамдар өздері Жоғарғы Сотқа жүгіне алады.

**- Сот актілерінің орындалуы – азаматтар үшін маңызды мәселелердің бірі. Осы салада қандай өзгерістер болады?**

- Жаңа Заңда атқару өндірісіндегі қадағалаудың шегі нақты белгіленген.

Қазіргі уақытта өндіріп алудың негізгі бөлігі жеке сот орындаушыларының өкілеттілігіне жатқызылған. Атқару парағын қай жеке сот орындаушысына беруді азаматтар өздері шешеді және онымен келісім жасайды.

Сондықтан атқару өндірісіне жаппай қадағалау жасалмайды. Басты назарда мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау.

Жұмыстың барлығы тексерістер мен талдау жасаудың жалпы талаптарына негізделетін болады. Прокурор үш жағдайда араласады:

1) денсаулық, психикалық және басқа жағдайларына байланысты өз құқықтарын қорғай алмайтын адамдардың құқықтары бұзылса;

2) шектелмеген топ адамдар; 3) тұлғаларға, қоғамға және мемлекетке қатысты, егер ол адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне түзетілмес зиян келтірілудің алдын алу үшін қажет болса.

Алдыңғы қатарға сот бақылауы шығады. Сот орындаушысының іс-әрекетін даулайтын болса – сотқа бар. Сот орындаушысын сот бұзушылықтарды жоюға, шешімін, сауданы жоюға және т.б. сот міндеттейді.

Мемлекеттік айыптауды қолдау бұрынғыдай барлық қылмыстық істер бойынша жүзеге асырылады, жеке айыпту істерінен басқа.

Сот актісімен келіспеген жағдайда прокурор үкімді жою немесе өзгерту туралы апелляциялық өтініш жасауға құқылы.

**- Мәжілісте сөз сөйлегенде Бас Прокурор «қылмыстық процесте біз көп боламыз» деп айтты. Мемлекет атынан қылмыстық қудалау жүргізу дегенді қалай түсінеміз?**

- Бұл бағыт қадағалау қызметінің басты бағыты болып белгіленді, себебі қылмыстық процесте азаматтың құқықтарының бұзылуы оған ең қатты зиян келтіреді.

Біздің бірінші мақсатымыз – процессуалдық прокурор институтын кеңейту, ол бізді қылмыстық процестің жаңа үлгісіне барынша жақындатады.

Маусым айынан бастап облысымызда процессуалды прокурорлар ауыр және аса ауыр істердің барлығы бойынша қадағалауды қамтамасыз етеді. Осы ұстанымдарды бекітіп, одан әрі кеңейтеміз.

Екіншісі – материалдың Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрінде тіркелуінен бастап заңдылығын қамтамасыз ету. Егер қылмыстық қудалау үшін негіз жоқ болса, іс үш күннен кешіктірмей жабылуға тиісті. Жылдың екінші тоқсанында

осындай мерзім ішінде 40%, бірінші тоқсанында – 15% тоқтатылды. Мұндай нәтиже азаматтардың прокуратура органдарына арыздану санын 24%-ға төмендетті.

Үшінші – қылмыстық процестің оңтайландырылуы, оны жылдам және қарапайым қылу. Маусым айында біз пилоттық жобаны бастадық және анық қылмыстар бойынша істердің 80% 10 тәулік ішінде сотқа жіберілді.

Кезекші прокурор институты одан әрі дамитын болады. Қылмыстық қудалау органының ғимаратында орналасып, ол сол жерде проблемалар мен бұзушылықтарды жоятын болады.

Былтырдан бастап облысымызда Ведомствоаралық азаптауға қарсы жоспар жүзеге асырылуда. 2016 жылы азаптауға байланысты арыздар саны 50%-ға, ал биылғы жылы 60%-ға азайды. Әкімдіктердің көмегімен барлық қалалар мен аудандарда мөлдір тергеу кабинеттерін жасаймыз, ол мәселені толық жоюға мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Төртінші – электронды қылмыстық істі енгізу. Процесті цифровизациялау оны ашық, жедел, манипуляция мен жалғандықтан аулақ етеді.

Бесінші – қылмыскерлікпен күресуді үйлестіру мәселесі прокурорларда қалады. Өзара байланысты орнату тәжірибесі бізде бар. Ұрлыққа қарсы күреске баса назар аударып, 2014-2016 жылдары облыстың жалпы қылмыстылығы 21%-ға, ал ағымдағы жылы –26%-ға төмендеді.

Мен елеулі өзгерістерге ұшыраған қадағалау салаларына ғана тоқталып өттім.

Жоғарыда айтылғаннан басқа, прокурорлар (бұрынғыдай) жергілікті өкілетті және атқарушы органдар актілерінің заңдылығына, жазаның орындалуы мен мемлекеттік мәнбұрлеудің өзге жолдарының қолдану заңдылығына, халықаралық келісім-шарттардың орындалуына, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы заңдылыққа қадағалау жасайды.

Айтқанымды қорытындылай келе, Бас Прокурордың Парламент мәжілісінде айтылған сөздерімен аяқтағым келеді: «Өкілеттіміздің бір бөлігінен біз өзіміз бас тарттық. Осының барлығы адамдардың мүддесі үшін. Азаматтардың қорғалуы одан зардап шекпейді».

Жаңа Заң бізге қадағалаудың бұдан жоғары және сапалы деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Біз өз күшімізді маңызды мәселелерге бұрып, басты мақсатымыз – халықтың сенімін арттыруға қол жеткізе аламыз.



## «Мәдениет университеті»

**Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Мәдениет университеті құрылып, өзінің оқу жұмыстарын соңғы төрт ай көлемінде оқу кестесіне сай жүргізіп келді.**



Осы төрт айдың ішінде курсанттарға жүргізілген Заманауи асхана этикеті, театр, хореография, классикалық және заманауи музыка бойынша дәріс сабақтары өзінің жемісін көрсетті. Мәдениет университеті жобасы курсанттарға оң нәтижесін беруі оның бекерденқұрылмағандығын, осы уақыттар бойы өткізілген дәріс сабақтарының барлығы жәй қалмай курсанттардың бойына ішкі істер органдарының мәдени білікті, сөйлеу мәнері дамыған қызметкерлерді болашақта тәрбиелеп шығаратынын көрсетті.

Жалпы курсанттар академия басшылығының қолдауымен «Қазақ драма театрына», одан өзге түрлі мәдениет орталықтарында үлкен іс-шараларға қатысуда. Міне осындай сәттерде курсанттар өз-өздерін қалай



ұстау керек екендігіне, сөйлеу мәнеріне денқояды, адамдармен қарым-қатынаста өздерін жоғары деңгейде ұстай біледі. Осының барлығын сараптай келсек «Мәдениет университетінің» алға қойған мақсаты толығымен орындалуда.

«Мәдениет университетінің» дәрістері жайлы және оның курсанттар үшін қандай пайда әкеліп жатқандығы туралы 1-ші курс курсанттарынан сұхбат алған едік:

- Мәдениет университетінің пайдалы дәрістерін бізге үйретіп, түсіндіргені аз емес. Жалпы адам өмірінде қарапайым нәрселердің өзі мүлдем керексіз көрінеді. Бірақ олар адам өмірінде үлкен рөл атқаратындығын естен шығарып жатамыз. Мәселен өзімізді ұстау, асханада дұрыс отырып тамақтану, жалпы асхана этикеттері, дұрыс сөйлеу мәнері, адамдармен ара қатынас т.б. ұстанымдарды байқаусыз қалдырамыз. Шындығында мәдениеттілік ұстанымдары адам өмірінде маңызы зор. Жалпы мәдениет университетінің әртүрлі дәріс сабақтары әр курсантқа рухани мәдениеттілік және адами сауаттылық жағынан

өте үлкен пайдасын тигізетіні сөзсіз. Академиямызда құрылған мәдениет университеті курсанттарымызды жоғарыда айтылғанның барлығына үлкен үлесін қосып, мәдени білікті болуға септігін тигізуде, - дейді, 1-курс курсанты І. Әділ.

- Академиямызда Мәдениет университеті жобасы құрылып, дәріс сабақтарын өткізе бастағанда біз бұның не кереметі бар? - деген ой туындаған еді. Біз барлығын білетінімізге сенімді едік. Бірақ қателесіп жүргенімізді енді түсіндік. Біз білмейтін, әлі үйренетініміз көп екендігіне көз жеткіздік. Жалпы осы дәріс сабақтарынан бізден болашақта үлгі тұтар ішкі істер органдарының маманы шығатынына сенімдімін» - 1-курс курсанты И. Қалила.

- Мәдениет университетінің негізгі құрылу мақсаты ол - құқық қорғау жүйесінде ішкі істер органы маманының жеке тұлғасына әсер ететін жалпы мәдени біліктілігін қалыптастыру болатын. Осы мақсатқа ілгері жүріп, жетіп келе жатқан «Мәдениет университеті» керемет жобалардың бірі деп есептейміз. Осындай жоба барлық құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындарында ашылса, бұл жоғары жетістік болушы еді. Барлық құқық қорғау органдарының жоғары білімді мамандары осыған сай мәдени білікті маман болып шықса ішкі істер органдарының қызметкерлерінің халық алдындағы беделдері жоғарылай түсері сөз.

**ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз қызметі**

## Теорияны тәжірибемен нығайтамыз

**Қазақстан Республикасының ІІМ бекітілген жоспары кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қаласы) «қатардағы және кіші басшы құрам» лауазымдарына алғашқы рет арнайы алғашқы оқыту курсы 2017 жылғы 15 мамырда басталды.**

Оқу орталығының бастығы полиция подполковнигі Т. Меңдібаевтың Рудный қаласы ІІБ-ның бастығы полиция полковнигі С. Нұртазинмен келісуінің нәтижесінде, оқу-тақырыптық жоспарға және оқу кестесіне сәйкес «Қоғамнан уақытша оқшалауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, оқшалауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, тұлғаларды ұстаудың тәртібімен шарттары туралы» тақырыбы бойынша Рудный қаласы ІІБ-ның уақытша ұстау оқшалаушысына сапарға шығумен тәжірибелік сабақ жүзеге асырылды. Тағылымдамашылардың көбісі Солтүстік Қазақстан облысынан келгендер.

Рудный қаласы уақытша ұстау оқшалаушы бастығының міндетін атқарушы полиция аға лейтенанты И. Исмаилов құқықтық негізде және уақытша ұстау оқшалаушының жұмыс қағидаларын түсіндіріп, күдіктілердің және айыпкерлердің уақытша ұсталу тәртібімен және олардың құқықтарымен таныстырды.

Тағылымдамашылар уақытша ұстау оқшалаушының кезекшісі полиция старшинасы А. Кистановқа сұрақтар қойды, ол тағылымдамашылардың көңілін уақытша ұстау оқшалаушысы мен айдауыл қызметі қызметкерлерінің істеріне, Қазақстан Республикасының ІІБ арнайы мекемелерінде адамдардың жағдайы мен жайғастырылуына көңіл аударды. Сонымен қатар ІІБ арнайы мекемелерінде болудың мерзімдерін, қандай тұлғаларды бөлек ұстау керектігін түсіндірді. Күдіктілерді арнайы көлікке отырғызу тәртібін айтып берді. Полиция старшинасы А.Кистанов өзінің қызметтік жұмысында күдіктілердің, айыпталушылардың ұстау және олардың қашып кетуі, бағынбауы, қарсылық көрсетуі сияқты құқыққа қарсы әрекеттері туралы түсіндіріп айтты. Әрбір ІІБ полиция қызметкерлері өзінің жұмысында психолог болуы тиісті және құқық әрекеттерін болдырмауын қарастыру керек деді. Рудный қаласының уақытша ұстау оқшалаушысының бекет қызметшісі аға сержанты А. Носков уақытша ұстау оқшалаушысының бейнекамераларын көрсетті және олардың қалай жұмыс істеуін түсіндірді.

Осындай тәжірибелі қызметкерлермен кездесулер тағылымдамашылардың тәжірибелік қызметіндегі тәжірибелік дағдыларына баға жетпес үлес қосады және теориялық білімінің іргетасын нығайтады.

**Н. ЗАРПЫХАНОВ,**  
**Оқу орталығы Арнайы пәндер циклының оқушысы**

## Жартыжылдық жұмыс қорытындысын шығарды

**Жақында Қостанай облыстық сотында 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында сот төрелігін жүзеге асырудың қорытындылары бойынша кеңейтілген жиналыс болды.**

Жиналысқа Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев пен облыс судьялары қатысты.

Жиналысты облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев ашты, ол күн тәртібіндегі негізгі мәселелерді көрсетті.

Облыстық соттың сот алқаларының төрағалары статистикалық мәліметтерді келтірді. Сонымен, 2017 жылғы бірінші жартыжылдықта облыс соттарында 2 922 қылмыстық іс қаралған, ал бұл көрсеткіш 2016 жылы 1945 іске тең болатын. Жыл басынан 30 адамға қатысты ақтау үкімдері

шығарылған.

Бітімгершілікке келтіру рәсімдерін кеңінен қолданудың нәтижесінде медиативтік келісіммен аяқталған істер саны 498-ден 741-ге дейін артты.

Азаматтық істерге келетін болсақ, осы мерзімде облыс соттарының қарауында 34 036 азаматтық іс және 36 144 материал, барлығы 70 180 іс болған. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 48 893 іске артық.

Сотқа түскен шағымдар саны 18 пайызға артқан.

Биылғы жылы бірінші сатыдағы соттарда бітімгершілікке келу тәртібінде 1189 келісім бекітсе, ал бытыр бұл көрсеткіш 967 іс болды. Апелляциялық сатыда медиация қолданумен 21 қаулы шығарылды.

Соттарда партисипативтік рәсімдерді жиі қолдану жалғасуда. Аталған рәсім тәртібінде аяқталған істер бойынша облыс соттары

республика бойынша 5-орын алған.

Өткен жылға қарағанда әкімшілік істер саны аздап кеміген. Барлығы 11 287 іс пен материал қаралған.

Кеңейтілген кеңес барысында Қостанай облысының кейбір аудандық және оған теңестірілген соттарының төрағалары баяндамалар жасады. Облыстық сот төрағасы А. Мерғалиев сот төрелігін атқаруда жұмысты жақсарту қажеттілігіне тоқталып, әріптестеріне осы жылғы екінші жартыжылдыққа жаңа талаптар қойды.

Сонымен қатар төраға электрондық технологияларды қолдану саласында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, судьялардың өз беттерімен білімдерін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатырған жұмыстар туралы айтты.

**Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі**

## Сот отырысына қатысушылардың мәдениеті

**Сот отырысындағы тәртіп процесстік нормаларды нақты сақтау арқылы, сондай-ақ барлық сот отырысына қатысушылардың сот әдебі нормаларын сақталуымен (соттың; іске қатысушы адамдардың; іске басқа да қатысушылардың) қол жеткізіледі.**

Сот талқылауының жалпы шарттарына заңмен анықталған сотты құрметтеу және істі қолайлы қарау мүмкіндігін қамтамасыз ететін сот отырысының тәртібі жатады.

Сот отырысындағы тәртіпті сақтау төрағалық етуші судьяға жүктеледі. Сот талқылауына басшылығын жүзеге асыра, тиісті процессті ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Сот процесінің мәдениеті – судьялардың және сот мамандарының, іске қатысушы адамдардың, сонымен қатар процеске қатысушы басқа да тұлғалардың заң талаптарын мүлтіксіз сақталуында.

ҚР АПК-нің 187-бабына сәйкес сот отырысындағы тәртіпте судья сот отырысы залына кірген кезде залдағы қатысып отырған адамдар орындарынан тұрады. Шешім шығармай аяқталатын істегі сот шешімін немесе ұйғарымын сот отырысы залында қатысып отырғандар түрегеп тұрып тыңдайды. Түсініктемелер мен айғақтарды, сұрақтар мен оларға жауаптарды процеске қатысушылар төрағалық етушінің рұқсатымен түрегеп тұрып береді. Бұл қағидадан ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол берілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар сот отырысы залындағы тәртіпті сақтауға міндетті.

Істі талқылау кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды. Тәртіпті қайталап бұзған жағдайда іске қатысатын адам сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымы бойынша сот талқылауының барлық уақытына немесе оның бір бөлігіне сот отырысы залынан шығарып жіберілуі мүмкін. Сот тікелей сот талқылауы барысында сот отырысының тәртібін бұзған кінәлі адамдарға әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 653-бабына сәйкес процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) – ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамқаққа алуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамқаққа алуға әкеп соғады.

Сот – сот билігінің органы болып саналады және адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге байланысты құқықтық сипаттағы әлеуметтік жанжалдарды, қоғамда туындаған дауларды шешу бойынша айрықша билікті өкілеттіліктер берілген.

Тиімді әрі сапалы сот әділдігі – қоғамдағы заңдылық пен тұрақтылықты бекітудің маңызды құралы.

Мұның барлығы судьяға жүктелетін жауапкершілікті көрсетеді. Судьяның жұмысы елімізде қиын әрі маңызды қызметтердің бірі. Олар адам тағдырын шешеді, әр істе адамның кінәлі не кінәсіздігі жөніндегі соңғы шешімді шығарады. Барлық процесстер көп тер төгуді, қауыртылықты қажет етеді. Ауыр істерді қарағанда судьялар тек заң нормаларын ғана назарға алмай, «адамгершілік» көзқарастан әрекетті бағалай отырып, моральдық қасиеттерін байқатады.

Жалпы алғанда, барлық азаматтарды сот ғимаратында болған кездерінде мәдениетті сақтауға және өздерін тәртіпті ұстауға, сот шақыруына уақытында келуге, сот процесіне қатысушылар мен сот ұжымына лайықты құрметпен қарауға үндеймін.

**А. АСАТОВА,**  
**Қостанай облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**